

ОӘЖ 37/1174

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨСЕМШЕНІ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ*****Қурбанбекова Қуралай Пишенбайқызы***

*магистрант, «Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультеті,  
SDU University, Қаскелең қ., Қазақстан*

*Сөздердің белігілі бір жүйе арқылы орналасуын грамматикалық топтар сөз таптарын құрайды. Қазақ тіл білімінде тоғыз сөз табы бар. Солардың ішінде ең күрделі әрі көлемді сөз табы- етістік болып табылады. Етістік – заттың қимыл, іс-әрекеттің атауын білдіріп, не істеді? не қылды? деген сұрақтарға жауап беретіні мәлім. Қазақ тілінде етістік көлемді сөз табы екені, оның бірнеше категорияларға бөлінетіндігі туралы өте көп еңбектерден біле аламыз. Бұл мақалада қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің көсемше категориясының оқыту жолдары қарастырылады.*

***Кілт сөздер:*** Тіл білімі, морфология, етістік категориялары, көсемше, көсемше формалары, жұмсалым өрісі, саралап оқыту.

***Кіріспе.***

Тіл туралы ғылымдарды зерттейтін, оның шығу тарихын, атқаратын қызметін, басқа ғылымдармен байланысын зерттейтін ғылымды- тіл білімі деп атаймыз. Тіл білімінің қалыптасу, даму тарихы өте ерте заманнан бастау алады. Тіл әлеуметтік ортада, айналамыздағы адамдармен өзара қарым-қатынас, байланыс орнату құралы болып табылады. Әлемде қанша халық болса сонша тіл бар, әрбір тілдің дыбыстық жүйесі, грамматикалық құрылымы мен сөздік құрамдары болады.

Кез келген тілдің дыбыс жүйесін фонетика, грамматикалық құрылысын яғни, жасалу жолын грамматика, сөздік құрамын, мағынасын лексикология саласы қарастырады. Осы салалардың ішінде ең күрделі, әрі ауқымды саласы- грамматика. Ол өз ішінен морфология және синтаксис болып екі үлкен топқа бөлінеді. Осылардың морфология сөздердің құрамы мен байланысу түрлерін зерттейтін сала. Қазақ тілінде морфология түбір мен қосымшалардың ара жігін, сөздердің қандай сөз табында тұрғанын анықтайды. Жоғарыда атап өткендей, сөздердің бір жүйе арқылы орналасуы сөз табы екені мәлім. Морфология саласы дәл осы сөз табындағы топтардың орналасуы, атқаратын қызметі мәселелерін қарастырады.

Сөз таптарының ішінде ең көлемді әрі күрделісі ретінде қазақ тіл білімінде етістік екені мәлім. Етістік - заттың қимыл-әрекет атауын білдіріп, не істеді? не

қылды? Деген сұрақтарға жауап береді. Қазақ тіл білімін зерттеуде үлкен үлес қосқан ғалымдар сөз таптарының ішінде етістік категорияларын зерттеуде зор еңбек сіңірді. Олардың ішінде А.Байтұрсынұлы, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, М.Балақаев, Ы.Маманов, С.Исаев, М.Томанов, Б.Қапалбеков, А.Қалыбаева және т.б. ғалымдар қазақ тілінің етістік категориясын зерттеп, көлемді еңбектер жазды.

Қазақ тілінде етістіктің лексика-грамматикалық категорияларын егжей-тегжейлі зерттеген А.Қалыбаева өзінің «Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты» еңбегінде: «Етіс мәселесін дұрыс шешу үшін, сөйлем мүшесі (баяндауыш) мен сөз табының (етістік) ерекшеліктерін байланыстыра салыстырып, бірінен бірін бөлмей тұтас қарау қажет», - деген тұжырым жасайды [1].

Қазақ тіліндегі сөз табының ішінде етістіктің етіс категориясы өте ауқымды тақырыптардың бірі болып табылады. Сөз табы ретінде етістік етіс категорияларынан соң өзінің басқа категорияларын қабылдай береді. Яғни, етістік рай, шақ, көсемше, есімше категорияларын етіс категориясынан кейін қабылдайды. Солай келе, етістікке етіс категориясының жұрнақтары жалғанғаннан кейін етістіктің грамматикалық категорияларды қабылдау арқылы түрленіп, сөйлем мүшесі ретінде баяндауыштың қызметін атқарады.

Көптеген ғалымдар қазақ тіліндегі етіс категориясы туралы пікір білдіріп, өз еңбектерінде бірнеше тұжырымдамалар жасаған. Солардың ішінде А.Ысқақов, И.Маманов, С.Исаев т.б. Осылардың ішінде морфология саласында ерекше еңбек сіңірген С.Исаев «Етіс категорияларының қосымшаларын форма тудырушы ретінде» ғана қарастырады.

### **Негізгі бөлім**

Қазақ тілінің қалыптасуына зор үлес қосқан ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы өзінің «Тіл құрал» атты еңбегінде алғаш сөз таптарын бөліп, олардың атқаратын қызметін талдап көрсеткен еді. Бұл еңбекте ғалым сөз таптарын мынадай топтарға бөліп қарастырады:

- 1) Атауыш сөздер (Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік)
- 2) Шылау сөздер (Үстеу, демеулік, жалғаулық, одағай сөздер).

«Етістік- кей сөзлер нәрсенің істейтін істейтін ісін атайды. Мысалы: арт, күрес, жық, шық, ал, ас», - т.б. сөздерді етістік деп атайды. Сұрақтары: не қылмақ? Не істемек? Қайтпек? [1.53]. Сонымен қатар етістікті үлкен он етіс (категорияларына) түріне бөліп қарастырады [1.154]:

- 1) *Сабақты етіс*
- 2) *Салт етіс*
- 3) *Ырықсыз етіс*
- 4) *Ортақ етіс*
- 5) *Өздік етіс*

- 6) *Беделді етіс*
- 7) *Өзгелік етіс*
- 8) *Дүркінді етіс*
- 9) *Шығыс етіс*
- 10) *Өсіңкі етіс*

Сонымен қатар, ғалым қазақ тілінде тұңғыш көсемшені зерттеп, оның көсемше деп аталу себебін де түсіндіреді. «Қазақ тілінде көсем сөзі – алда жүру, көш бастау ұғымын білдіреді. Дәл сол сияқты көсемше -екі етістік қосарынан сөйлегенде, алдында айтылатын етістіктің қысқа түрі. Мысалы: жаза бер, қарап тұр, жүріп келді және т.б.», - деп анықтама береді [1.101]. Ғалым бұл еңбекте көсемшенің үш түрін анықтап көрсетеді. Төмендегі 1-кесте арқылы көре аламыз [1.101].

1-кесте.

№	Түрі	Анықтамасы	Мысалы
1	Үнемді көсемше	Созымды істі көртеу үшін айтылады.	Айта бердім, айта бердің, айта берді.
2	Үнемсіз көсемше	Созымсыз, бірден бітетін істі көрсету үшін айтылады.	Айтып бердім, айтып бердің, айтып берді.
3	Ниетті көсемше	Істеуге ниеттеніп тұрғанды көрсететін сөздер түрі.	Барғалы тұрмын, барғалы тұрсың, барғалы тұр уа ғайри.

Бертін келе көсемше туралы ғалым Н.Т.Сауранбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Б.Қапалбеков еңбектерінде анықтама беріп, сөйлемде атқаратын қызметі туралы зерттеу жұмыстарын жасады. Ғалым, академик Н.Т.Сауранбаев көсемшеге « Көсемшеге етістіктің бір түрі ретінде нақты анықтама беріле алмайды» ,-деп тұжырым жасап өтеді [3.33]. Сонымен қатар көсемшенің қызметі туралы «Көсемшенің жанамалық қасиеті оның үстеулік қызметінен туады. Көсемшелер сөйлемдегі негізгі етістіктегі істің амалын, мезгілін, мақсатын, тағы басқа белгілерін сипаттайтын үстеулік жанама категория деп аталады. Олар тек осы мағынасында ғана нағыз көсемше болады», - деп те тұжырым жасайды [4.321].

Бұл тұжырымнан біз көсемшенің сөйлемде пысықтауыш қызметін атқаратынын көре аламыз. Дегенмен, көсемшенің сөйлемдегі қызметіне байланысты ғалымдардың түрлі пікір-таластары болғанын жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан, көсемшенің сөйлемдегі қызметін Ө.А.Жұмағұлова өзінің диссертациялық еңбегінде екіге бөліп қарастырады:

1. Көсемшенің түп негізгі қызметі;
2. Қосымша қызметтер.

Көсемшенің түп негізгі қызметтеріне – оның сөйлемдегі бастапқы қимылды сипаттап, пысықтауыш қызметінде болғандығын жатқызса, екінші түріне көсемшенің күрделі етістік жасау, аналитикалық формант құру, шақ, оралым, баяндауыш болу қызметтерін жатқызады [4.73].

Жалпы, көсемше етістік категорияларының бірі екендігі, оның сөйлемде тиянақты болып айтылмай, басқа етістіктермен бірге жанаса айтылатын етістік түрі екені анықталып отыр. Қазақ тіліндегі көсемшелердің жұмсалымдық өрісі туралы зерттеп, кең көлемді еңбек жазған ғалым Б.Қапалбеков. Ол өзінің «Көсемшелердің жұмсалыу өрісі» атты еңбегінде көсемше формаларының жұмсалымдық өрісін анықтап, дәлелдейді.

Ғалым «Көсемшелердің қазіргі қазақ тіліндегі қызметтері олардың алғашқыбірінші пысықтауыштық қызметінің негізінде өрбіген. Өкінішке қарай, біздің тіліміздің тарихында көсемшелердің тек пысықтауыштық қызметке қолданыла бастауын көрсететін, кейін тілдің даму барысында біртіндеп өзге де қызметтерге өте бастауын көрсететін деректер жлқ», -деп тұжырымдайды [5.16].

Профессор, ғалым қазіргі қазақ тіліндегі қолданып жүрген көсемше формаларының Орхон-Енисей жазбаларының өзінде де кездесетінін айтып өтеді.

1. Етістіктен болған баяндауышты сипаттап, үстеу сияқты пысықтауыш болады.

2. Жіктік жалғауында тұрып екі шақты (келер шақ, өткен шақ) білдіреді: ал – а – мын; ал-ып-пын.

3. – а немесе -п жұрнақтарының бірінде тұрып, күрделі етістіктің алғашқы сыңары болады. Осы қызметтерге көсемшенің көне түркі ескерткіштерінің тілінен белгілі құрмалас сөйлем жасаудағы қызметінде қосуға болады [5.16].

Көсемше формаларының көне түркі жазба ескерткіштерінен бастау алғанын ғалым мынадай мысалдар арқылы дәлелдейді [5.16-17].

Мысалы:

1) *Егім қаған олуртуқды, өзүм тардуш будун үзе шау ертім* – Әкем қаған болғаннан соң, өзім тардуш будун халқына уәзір болдым.

2) *Түрік будун олурғалы, түрк қаған олурғалы Сонтүн балыққ, талдй үзүчке теглис иоқ ерті* – Түркі халқы жаралғалы, түркі қаған отырғалы, Шондүн қаласына, теңіз өзендеріне жетпеген еді.

Ғалым бұл мысалдар арқылы көне түркілерде де көсемше формаларын қолданғанын және бұдан өзге жазба ескерткіштерде көсемшенің төмендегідей формаларының кездесетінін айтып өтеді. Олар:

1) -ып, -іп, -дп, -үп, -п.

2) -пан, -пен, -ыпан, -іпен.

3) -а, -е.

4) -у, -ү, -йу, -иү

5) -ғалы, -гелі, -қалы, -гелі.

Ғалым, профессор Б.Қапалбеков өзінің еңбегінде көсемшенің жұмсалыу өрісі туралы толық зерттеп, олардың атқаратын қызметі туралы мысалармен келтіреді.

Қазақ тілінің етістік категориялары туралы зерттеулер өте көп. Солардың дәлелі жоғарыда аталып өткен ғалымдардан өзге де тіл білімінің дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектері де бар.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда түрлі инновациялық технологиялар, жаңа әдіс-тәсілдер көптеп қолданылады. Әсіресе, қазіргі таңда әлем бойынша халықтардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында ПИЗА халықаралық жобасы арқылы түрлі тапсырмалар жаңа әдіс-тәсілдермен жасалуда.

Қазақ тілі бойынша оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында, соның ішінде етістік категориялары, көсемшеге байланысты тапсырмаларды орындауда көптеп қиындықтар кездесуде. Сол қиындықтарды шешу үшін мәтінмен жұмыста оқушыларға етістік категориясының көсемше тұлғасын толық меңгерту үшін төмендегідей тапсырмаларды, түрлі технологияларға салып оқушыларға ұсыну қажет.

Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы бойынша көсемшеге арналған тапсырмалар:

**1-Деңгей тапсырмасы жеңіл түрде орындалады.** Бұл деңгейді орындаған оқушылар -3 баллмен бағамен бағаланады. Мысалы:

**1-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, көсемшелердің жұрнағын сызықшамен бөліп жазыңыз.**

1. Мен сені көргелі келдім. 2. Бұл университет ашылғалы екі жыл болды. 3. Туған күнімді асыға күтемін. 4. Қар жауып тұр. 5. Елге бармағалы көп болды. 6. Сенімен сөйлескелі келдім. 7. Жұмыс істей отырып баласын ойлайды. 8. Сен не жазып отырсың? 9. Мен саған оқулық әкеле жатырмын. 10. Ертең қайда жүргелі отырсыз? 11. Бала неге жылап отыр? 12. Әжеміз теледидардың қасында шұлық тоқып отыр. 13. Ол мені аяп отыр. 14. Терезені ашып, дене шынықтыру жаттығуларын орында. 15. Біз жаңа жоспар жасап отырмыз. 16. Меруерт ұялып үндемеді. 17. Мен оны көрмей кетпеймін. 18. Мектеп бітіргелі мұғалімдерін көрген жоқ. 19. Ол емтихан тапсырғалы бір ай өтті. 20. Су тамшылап тасты теседі.

**2-Деңгей тапсырмасы орташа түрде орындалады.** Оқушы бұл деңгейді - 4 баллмен бағаланады. Мысалы:

**2-тапсырма. Берілген етістіктерден көсемшенің үш түрін жасаңыз.**

**Үлгі:** көру-е; көр-гелі; көр-іп.

Көру, сөйлесу, ішу, келу, табу, тапсыру, сөну, шығу, шақыру, үйрену, айту, араласу, толтыру, кету, көріну, жіберу, басу, өшіру, отыру, жазу, жырту, бату, қателесу, әңгімелесу, қону, өсу, бітіру, сұрау, туу.

**3-Деңгей тапсырмаларын күрделі және бірнеше нұсқамен беруге болады.** Бұл тапсырмада 5-баллмен бағаланады. Мысалы:

**3-тапсырма. Жақша ішіндегі етістіктерді көсемшеге айналдырыңыз.**

1. Мен жолдасыма (бару) жатырмын. 2. Еділ жолдасымен (сөйлесу) отыр. 3. Айдар шығарма (жаз) отыр. 4. Оны (көрмеу) көп болды. 5. Бала кереуетте (ұйықтау) жатыр. 6. Біз бұл кітапты (оқу) отырмын. 7. Студенттер жаттығуды (орындау) отыр. 8. Гүлнәр анасына сыйлық (алу) жатыр. 9. Бала (ояну) қалды. 10. Оқытушы бізбен (сөйлесу) келді. 11. Анам маған бірдеме (айту) отыр. 12. Мемлекеттік қызметкерлер аттестация (тапсыру) жатыр. 13. Мен саған әдейі (келу) жатырмын

**4-тапсырма. Берілген етістіктерге көсемшенің жұрнағын жалған, сөйлем құраңыз.**

Оқу, сөйлесу, көру, айту, жұмыс істеу, тыңдау, өлшеу, асығу, сұрау.

Бұдан өзге оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында бастауыш кезден көсемшеге байланысты тапсырмаларды беріп, сөздерді дұрыс құрастыру арқылы мәтінмен жұмыс жасатып, баланың дұрыс сөйлеуіне, мәтінді дұрыс игеруіне ықпал жасайды.

**Қорытынды**

Қорытындылай келе көсемше - өзіне тән синтаксистік қызметі, морфология тұлғалары бар дербес категория. Қазіргі қазақ тілінде көсемше атқаратын қызметіне қарай негізгі және кейіпті болып екіге жіктеледі. Іс-әрекетті білдіретін жай сөйлемдегі негізгі етістіктің әр қилы амалдарын сипаттайтын тел қызметтегі көсемше негізгі, ал ашық райдағы шақ, күрделі етістіктік, аналитикалық форма тудыратын қызметтегі көсемше кейіпті деп аталады. Негізгі көсемшенің сөйлемдегі басты функциясы негізгі іс-әрекеттің өту амалын жанама түрде сипаттау. Негізгі іс-әрекет әр түрлі формада және түрлі қызметте тұруы мүмкін (әсерлене оқыды, сылдырап аққан су, ишаралап айтқанды түсінбедің т. б.). Негізгі көсемше сөйлемде пысықтауыштық қызмет атқарады. Бұл жағынан алғанда ол үстеу мен етістікті жалғастырушы буын ретінде әрекет етеді. Үстеулердің сөйлемде пысықтауыштық қызмет атқарып, етістіктің сын-сипатын, мақсатын, мезгілін т. б. амалдарын сипаттайтыны секілді негізгі көсемшелер де осы міндеттерді толығымен орындайды.

Қазіргі қазақ тілін оқытуда көсемшеге байланысты түрлі тапсырмаларды орындатып, оларды талдау арқылы мәтінмен жұмыс жасау маңызды болып отыр. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасын зерттеген ғалымдардың пікірлері осы мақалада қаралып, олардың тұжырымдарына сүйене отырып тапсырмаларды беру білім берушінің негізгі міндеті болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қалыбаева А. «Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты» (1971)
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 245 б.

3. Сауранбаев Н.Т. Семантика и функции деепричастий в казахском языке. – Алма-Ата, 1942.- 68 с.
4. Жұмағұлова Ө.А. «Қазақ тіліндегі көсемшенің мағынасының қызметі мен дамуы» филол.ғыл.канд...дис. Алма-Ата.
5. Қапалбеков Б. Көсемшелердің жұмсалыу өрісі. Алматы, 2006. - 164 б.

## ПУТИ ОБУЧЕНИЯ ДЕЕПРИЧАСТНОЙ ФОРМЕ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

*Қурбанбекова Қуралай Пишенбайқызы*

*Грамматические группы, в которых слова расположены через единую систему, образуют части речи. В казахском языкознании девять частей речи. Среди них наиболее сложной и объемной является часть речи - глагол. Глагол обозначает название действия, действия предмета, что он сделал? что случилось? О том, что глагол в казахском языке является объемной частью речи и делится на несколько категорий, мы можем узнать из большого количества трудов. В данной статье рассматриваются пути обучения категории деепричастий глаголов в современном казахском языке.*

**Ключевые слова:** лингвистика, морфология, категории глаголов, деепричастия, формы деепричастий, область склонения, дифференцированное обучение.

## WAYS OF TEACHING THE DE-PARTITIVE FORM IN THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

*Kurbanbekova K.P.*

*Grammatical groups in which words are arranged through a single system form parts of speech. There are nine parts of speech in Kazakh linguistics. Among them the most complex and voluminous is the part of speech - verb. The verb denotes the name of action, action of the subject, what did he do? What happened? We can learn about the fact that the verb in the Kazakh language is a voluminous part of speech and is divided into several categories from a large number of works. This article deals with the ways of teaching the category of verb de-particles in the modern Kazakh language.*

**Keywords:** linguistics, morphology, verb categories, de-particles, de-particle forms, declension area, differentiated learning.

## REFERENCES

1. Kalybaeva A. “Lexico-grammatical character of the verb” . 1971. [in Kazakh]
2. Baitursynov A. Lessons of language. - Almaty, 1992. - 245 p. [in Kazakh]
3. Sauranbaev N.t. Semantics and functions of the de-ppriple in the whole language. - Alma-Ata, 1942.- 68 p. [in Russian]
4. Zhumagulova O. A. “Function and development of the meaning of the preposition in the Kazakh language”. Dissertation work. Almaty. [in Kazakh]
5. Kapalbekov B. The area of using prepositions. Almaty, 2006. - 164 p. [in Kazakh]